

## Al-Farabi Kazak Ulusal Üniversitesi

Felsefe doktoru (PhD) derecesi için "8D02303-Dilbilim" alanında tez jürisine sunulan Absattar Adil Maratuli'nin "Эмотивті-бағалауыштық лексиканың антропоөзектік сипаты: қазақстандық және шетелдік БАҚ мәтіндері негізінде" ( Duygusal-değerlendirici söz varlığının antropotopik doğası: Kazakça ve yabancı medya metinlerine dayalı ) başlıklı tezi için önerilen yabancı danışmanın

### GÖRÜŞÜ

Günümüzde dilbiliminde dilin antropojenik bakış açısıyla incelenmesine özel bir önem verilmektedir. Bu nedenle, toplumun gelişimiyle birlikte medya dilinde duygusal ve değerlendirme içerikli kelime dağarcığının sürekli ve kapsamlı bir şekilde araştırılması gereklidir. Dil, kültürün bütünsel bir parçası, ulusal ruhun kökenidir. Dil, sadece insanlar arasındaki iletişim aracı değil, aynı zamanda genel insanlık değerlerini, dünya görüşünü ve düşünce sistemini şekillendiren evrensel bir insanlık hazinesidir. Dilin antropojenik paradigmatları, insan faktörünü vurguladığı için, bu tür araştırmalarda her bir ulusun dünya görüşü, ulusal kimliği ve ulusal birliği belirlenir. Absattar Adil Maratuli'nin "Эмотивті-бағалауыштық лексиканың антропоөзектік сипаты: қазақстандық және шетелдік БАҚ мәтіндері негізінде" adlı çalışması, Kazakça, Rusça, İngilizce, Almanca, vb. dillerdeki genel bilgi araçlarında antropojenik özelliklerle duygusal ve değerlendirme içerikli söz varlığının incelenmesine yöneliktir. Bireylerin birbirinden millet olarak farklılaşması milli bilinci oluşturmaktadır. Emotif-değerlendirme içerikli söz varlığını, belirli olmayan topluluklardaki dil disiplini, genel insanlık değerlerinin yanı sıra her bir topluluğun ulusal özelliklerini de yansıtarak incelenebilir.


Araştırma üç aşamadan oluşmaktadır. Tezde, Absattar Adil'in "duygusal değerlendirme" ifadesinin anlamını belirleyerek, temel bilgileri gösterir ve benzer kavramlardan ayırt ediciliğini vurgular; gazetecilerin strateji ve taktikleri, dil mekanizmaları, duygusal değerlendirme dilbilgisinin verdiği yönergelerle incelenir, Kazakça, Rusça ve İngilizce dillerindeki genel bilgi araçlarında duygusal değerlendirme kelimesinin kullanımını ortaya koyar. Bu bağlamda, özellikle farklı ülkelerdeki gazetecilerin tutumları, niyetleri ve bu bağlamda kullanılan duygusal değerlendirme kelimeleri, "kendisi ve diğerleri" karşıtlığının duygusal değerlendirme kelime aracılığıyla ifadesini belirginleştirir.

A. Absattar genel dil bilgisinde ve Kazak dil bilgisinde yaptığı çalışmalarla, bütünleşik bir yaklaşımla, bireyin kültür, dil ve ulusal tarihine etki eden genel duygusal ve değerlendirme içerikli söz varlığını, dilsel-bilişsel, lingokültürel, lingoaksioloji, lingokommunikatif yöntemlerle inceler. Tez yazarı, Kazakça, Rusça,

İngilizce gibi dillerdeki genel bilgi araçlarında duygusal ve değerlendirme içerikli söz varlığını, kültür, mantık, felsefe, tarih, psikoloji, sosyoloji gibi disiplinlerde ele alarak dil - ulus - kültür arasındaki ilişkiyi anlamaya çalışır. Entegratif bir yaklaşımla yaptığı araştırmalarla, dilin ulusal düşünce, dünya görüşü, kültür, tarih ve ulusal hareketle nasıl bağlantılı olduğunu ortaya koyar.

Çalışma yazım aşamasında, A. Absattar Adil Maratulu'nun çalışması teorik temelleri yüksek, konusunu kapsamlı bir şekilde ele almış, mantıklı ve açıklayıcı bir biçimde sunulmuş, kapsamlı bir literatür taraması yapılmış ve dilbilgisel verilerin toplanması ve analizinde özenle ve özgün bir şekilde hareket etmiştir. Dilbilgisel verilerin toplanması sürecinde özellikle dikkat çeken özel katkıları vardır. Sonuç olarak, çalışma yüksek bir bilimsel seviyede, teorik ve pratik bilgi birikimini içeren kapsamlı bir eser ortaya koymuştur. Tez yapısı, içeriği, bilimsel temellendirme düzeyi, önermeleri, tezle ilgili gereksinimleri karşılamada başarılıdır. Bu nedenle, A. Absattar Adil Maratulu'nun "Эмотивті-бағалауыштық лексиканың антропоэектік сипаты: қазақстандық және шетелдік БАҚ мәтіндері негізінде" adlı çalışmasını başarılı buluyoruz.

Danışman :

  
Prof. Dr. Sema Aslan Demir

11.03.2024

**HACETTEPE ÜNİVERSİTESİ**  
Çağdaş Türk Lehçeleri  
ve Edebiyatları Bölümü  
Beytepe/ANKARA

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
«8D02303-Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша  
диссертациялық кеңесіне ұсынылған философия докторы (PhD) ғылыми  
дәрежесін алу үшін дайындаған Әбсаттар Әділ Маратұлының  
«Эмотивті-бағалауыштық лексиканың антропоэзектік сипаты:  
қазақстандық және шетелдік БАҚ мәтіндері негізінде» тақырыбына  
жазылған диссертациялық жұмысына шетелдік кеңесшінің

### ПІКІРІ

Бүгінгі таңда лингвистика ғылымында тілді антропоэзектік тұрғыдан зерттеуге ерекше мән беріліп отыр. Соған байланысты бұқаралық ақпарат құралдарының тіліндегі эмотивті-бағалауыштық лексиканы қоғамның дамуымен сабақтастықта, кешенді түрде зерттеуді қажет болып отыр. Тіл – мәдениеттің құрамдас бөлігі, ұлттық рухтың көрінісі. Тіл – адамдардың қарым-қатынас құралы ғана емес, әр ұлттың ұлттық болмысын, дүниетанымын, ойлау жүйесін сипаттайтын жалпыадамзаттық құндылық. Тілді зерттеудің антропоэзекті парадигмасы адам факторын көрсетуді мақсат ететіндіктен, мұндай зерттеулерде әрбір ұлттың дүниетанымы, ұлттық санасы, ұлттық болмысы көрініс табады. Әбсаттар Әділ Маратұлының «Эмотивті-бағалауыштық лексиканың антропоэзектік сипаты: қазақстандық және шетелдік БАҚ мәтіндері негізінде» атты зерттеу жұмысы қазақ, орыс, ағылшын, неміс, ағылшын, т.б. тілдердегі бұқаралық ақпарат құралдарындағы эмотивті-бағалауыштық лексиканы антропоэзектік тұрғыдан сипаттауға арналған. Жалпыадамзаттық сана әлемдегі барлық халыққа ортақ болса, адамзаттың бір-бірінен ұлт ретінде ерекшеленуі ұлттық сананы қалыптастырады. Туыстығы жоқ халықтардың БАҚ дискурсындағы эмотивті-бағалауыштық лексиканы талдау арқылы зерттеуші жалпыадамзаттық құндылықтармен қатар әр халықтың өзіне тән ұлттық ерекшеліктерін де көрсете білген. Себебі тіл когнитивті қызметінің нәтижесінде адамның қоршаған орта туралы әсерін жинақтаумен қатар халықтың зерттеушілік ойларын да жеткізіп, халықтың ұжымдық, этномәдени санасында қалыптасқан ғалам бейнесін сақтайды. Соның нәтижесінде эмотивті-бағалауыштық лексикада халықтың ғаламды танып-түйсіну тәсілі, ғалам туралы білімнің кодталу жолы көрініс табады. Диссертанттың осы уақытқа дейін арнайы зерттеу өзегіне айнала қоймаған күрделі де тың дүниені зерттеуі жұмыстың өзектілігін танытады.

Зерттеу жұмысы үш тараудан тұрады. Диссертацияда Әбсаттар Әділ «эмотивті-бағалауыштық» атауының мәнін нақтылап, негізгі белгілерін көрсетеді, ұқсас ұғымдардан айырмашылығын айқындайды; эмотивті-бағалауыштық лексиканы қолданған журналистердің стратегиялары мен тактикаларын, тілдік механизмдерін, эмотивті-бағалауыштық лексика арқылы берілген көріктеу құралдарын талдайды, қазақ тілді, орыс тілді және ағылшын тілді бұқаралық ақпарат құралдарындағы эмотивті-бағалауыштық лексиканың қолданысын салғастыра талдайды. Бұл орайда әсіресе түрлі елдердегі

журналистердің ұстаным, интенциялары, соған сәйкес қолданған эмотивті-бағалауыштық сөздері, «өзім-өзге» оппозициясының эмотивті-бағалауыштық лексика арқылы берілуі жан-жақты сипатталған.

Ә.Әбсаттар жалпы тіл біліміндегі, қазақ тіл біліміндегі зерттеулерге иек арта отырып, бұқаралық ақпарат құралдарындағы эмотивті-бағалауыштық лексиканы лингвокогнитивтік, лингвомәдениеттанымдық, лингвоаксиологиялық, лингвокоммуникативтік тұрғыдан талдайды. Диссертант қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі бұқаралық ақпарат құралдарындағы эмотивті-бағалауыштық лексиканы ұлт – тіл – мәдениет үштігінде қарастырып, мәдениеттану, логика, философия, тарих, психология, әлеуметтану, т.с.с. ғылымдар тоғысында сөз етеді. Интеграциялық сипатта зерттеу арқылы диссертант тілді ұлттық ой-сана, дүниетаным, мәдениет, тарих, ұлттық рухты бейнелейтін таңба ретінде қарастырады.

Жұмысты жазу барысында Әбсаттар Әділ Маратұлы жұмысына теориялық дайындығы жоғары, тақырыпты жетік меңгерген, мұқият, жауапкершілігі мол, тыңғылықты маман ретінде танылды. Тілдік деректерді жинақтап, сұрыптауда да ерекше ыждағаттылық танытты. Соның нәтижесінде ғылыми деңгейі, теориялық-практикалық құндылығы жоғары жұмысты жазып шықты. Диссертацияның құрылымы, мазмұны, ғылыми негізделу дәрежесі зерттеу барысында жасалған түйін, тұжырымдары диссертацияға қойылатын талаптар үдесінен шыққан. Осыған байланысты Әбсаттар Әділ Маратұлының «Эмотивті-бағалауыштық лексиканың антропоэзектік сипаты: қазақстандық және шетелдік БАҚ мәтіндері негізінде» атты зерттеу жұмысын қорғауға жіберуге ұсынуға болады деген ойдамыз.

**Кеңесші:**

/қолы бар/

**PhD, профессор Сема Аслан Демир**

**11.03.2024**